

Ясауи университеті

yasau.gazeti@ayu.edu.kz

университет студенттерінің үні

№3-4 (581) 31 наурыз 2025 жыл



Қасым-Жомарт Тоқаев
ҚР Президенті

«Ана тіліміздің болашағы жарқын екеніне менің еш күмәнім жоқ. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды ұйыстыру жолында маңызды рөл атқара береді. Бірақ тіліміздің тұғырын нығайтамыз деп, оны басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне қарсы қоймау керек.»

«Ана тілі» газеті, 3 қаңтар 2025.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҒЫЛЫМ ТІЛІ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ» II халықаралық симпозиумы



ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҒЫЛЫМ ТІЛІ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМ

«Қазақ тілі ғылымының, техниканың, бизнестің тілі болуына үлес қосайық»

Қасым-Жомарт Тоқаев

02 - 04 СӘУІР
ТҮРКІСТАН 2025

qazaqtgt2025.yayu.edu.kz kazoktilsimposium2@ayu.edu.kz



Жаңару мен жасампаздықтың жаршысы, береке мен бірліктің бастауы болған Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын!

«Қазақ тілі – ғылым тілі: Жасанды интеллект және терминология» атты II халықаралық симпозиум жұмысына сәттілік тілеймін. Қазіргі заман – технологиялық серпілістер мен ғылыми жетістіктердің

кезеңі. Қазақ тілі осы өзгерістерден тыс қалмауы тиіс. Жасанды интеллект, цифрлық технологиялар мен робототехника секілді жаңа салаларда ана тіліміздің қолданылу аясын кеңейту – біздің ортақ міндетіміз. Ғылым тілінің дамуы – ұлттың зияткерлік әлеуетінің көрсеткіші, ал терминологияны жетілдіру – заман талабы. Бұл үрдіске ғалымдар, тіл мамандары, IT саласының өкілдері мен барша жанашыр азаматтар жұмыла атсалысуы қажет. Осы мақсатқа жету жолында бүгінгі жиын маңызды талқылаулар мен тың идеялардың алаңы болады деп сенемін. Баршаңызға сәттілік, ғылыми жетістіктер мен жарқын болашақ тілеймін!

Жанар Темірбекова, университет ректоры.

Құрметті ғалымдар, тіл мамандары және инновация саласының өкілдері!

Бүгінгі халықаралық симпозиум тек қазақ ғылымының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің болашағына әсер ететін маңызды қадам. Цифрлық дәуір бізден жаңашылдық пен икемділікті талап етеді, ал жаһандық бәсекеде қазақ тілі мен түркі тілдері ғылым мен

технологияның озық салаларында өз орнын алуы тиіс. Жасанды интеллект, робототехника және деректер ғылымы – жаңа өркениеттің негізгі бағыттары, және біз бұл салада өз тілімізді, өз болмысымызды сақтай отырып, әлемдік аренаға шығуымыз қажет. Бізде қазақ және түркі тілдерін жасанды интеллекттің тілдік қорына енгізіп, оны дамытудың инновациялық жолдарын қарастыруымыз керек. Түркі өркениеті ғасырлар бойы ғылым мен мәдениеттің бесігі болды, ендігі мақсат – сол рухани мұраны заманауи технологиямен үндестіру. Бүгінгі талқылаулардың идеяларға, жаңа серпінге жол ашатынына сеніміміз мол.

Нажи Генч, ректор өкілі м.а., профессор.

ҚАЗАҚ ТІЛІ - ҒЫЛЫМ ТІЛІНЕ АЙНАЛАДЫ



Шәкір ИБРАЕВ, профессор

– Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің саяси, мәдени және әлеуметтік рөлі зор. Ұлттың интеллектуалдық әлеуеті тілдің ғылым-біліммен, техникалық және технологиялық дамумен, инновациялық ойлау үлгісімен бірлікте пайымдалатыны анық.

Елімізде ғылым-білім, технология, техникасы қазақ тілінде дамитын болса онда оны мемлекеттік тілдің өріс алуы, әрі ұлттың

интеллектуалдық ойлау көрсеткіші ретінде тануға болады. Яғни, мемлекеттік тілдің ең негізгі көрсеткіші ретінде осы ғылым тіліндегі қызметін атаған болар едік. Жасыратыны жоқ, толыққанды ғылым тілі мәртебесіне ие бола алмаған тілдің коммуникативтік құзіреттілігі төмендейтіні анық. Тілімізді ғылымның, технологияның тілі деңгейіне көтерсек оның ауқымы да, сұранысы да артады. Қазақ тілінің ғылым тілі болуының маңызы оның іс жүзіндегі қолданылу жүйесіне де, ғылыми-әдістемелік негіздемелерінің қалыптасуына да тікелей қатысты. Оларды таратып талдап отырудың, деректік базасын құрудың қажеттілігі күн санап артып келеді.

Бұл симпозиумды халықаралық деңгейде ұйымдастырудағы басты себеп – тәжірибе алмасу. Қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту, термин жүйесі және әлемдік күн тәртібінде тұрған мәселе Жасанды интеллект жүйесіне қазақ мүмкіндіктерін көшіру мәселесі бойынша ғалымдар пікір алмасатын болады.

Терминологияда бірізділіктің болмауы көп мәселеге қолбайлау екені белгілі. Ғылыми терминдер мен ұғымдардың атауын тыңнан ойлап табу және оны іс жүзінде орнықтыру – асқан жауапкершілікті қажет ететін жұмыс. Оларды қолданысқа енгізудің тетіктері тіл мамандарының ғана қолында тұрған жоқ.

Қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі мәртебесін көтеру – келешегіміздің кепілі!

Нұғыман Аралбай, профессор

– Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде Президент Қ.Тоқаев: «Қазақ тілі мемлекеттің символы!» деді. Бұдан артық қандай саясат, саяси тапсырма керек.

Қазақ тілінің ғылым тілі ретінде орнығуына, тіліміздің ғылымның, техниканың, технологияның тілі болуына атсалысу – баршамызға ортақ міндет. Мемлекет басшысы белгілеп бергендей, баршамыз тілге құрметімізді құр сөзбен емес, нақты іспен көрсетуіміз керек.

Біз «Асыл ағаш - асыл шөп» атты 16 томдық еңбекті дайындадық. Мұның бірінші томын 2023 жылдың ақпанда шығарып, бытырғы симпозиумда 4 томын таныстырғанбыз.

Міне, биыл бітірдік. Қыруар еңбек. Біз бұл іске еліміздің 7 қаласынан 36 автор, 30-дан астам студент, магистранттарды тартқанбыз, биылғы жылы оларға тағы да 10 шақты еріктілер қосылды. Олар ерікті түрде ақы-пұлсыз, бізге көмектесіп эндемиктерді жинауға қол ұшын беруде. Осыған қарап-ақ қазақ тіліне сұраныстың барын, болашағын бағамдауға болады.

«Халықты сүю деген күн сияқты. Күн бәріне жарығы мен жылуын береді, бірақ ол үшін ешкімнен, ешқашан ақы сұрамайды» деген тәмсіл бар. Біздің ұжым, авторлар мен еріктілер мына еңбекке үлес қосуымен қазақ тіліне деген құрметі мен адалдығын танытты.



Қазақ тілі – бай әрі икемді тіл. Тиісті қолдау мен ұтымды саясат болса, ол ғылым мен технология тілі бола алады. Әрине, қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі қазіргі

жағдайы әлі де қанағаттанарлық деңгейде емес деп ойлаймын. Дегенмен де, соңғы жылдары бұл бағытта біршама оң өзгерістер байқалады. Бұған дәлел ретінде университетімізде дәстүрлі түрде жалғасын тауып отырған «Қазақ тілі – ғылым тілі: жасанды интеллект және терминология» II халықаралық симпозиумын атап өткен болар едім. Осы секілді қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі мәртебесін көтеру бағытында көптеп ғылыми жиындар өтіп жатыр. Қазақ тілі өз саласында ғана шектеулі қолданыста болмауы тиіс, ғылымның түрлі салаларында қазақ тіліндегі сапалы оқу құралдары мен зерттеу еңбектері үлесін арттыру

қажет. Көптеген ғылыми дискурстар, әсіресе техникалық, медициналық немесе жаратылыстану бағыттарында, орыс немесе ағылшын тілдеріне басымдық беріледі. Ана тіліміздің ғылым тіліне айналуы үшін жаратылыстану, IT, медицина ғылымында өз тұғырына қойылуы тиіс. Сонымен қатар, ғылыми терминологияны қалыптастыруда бірізділік жетіспейді, ал бұл өз кезегінде ғылыми ойды дәл жеткізуді қиындатады. Сондай-ақ, ғылыми тілге айналдырудың бірден бір тетігі – жаңа заманғы технология тілінде, қазақ тілін әлемдік деңгейде қолданыла алатын латын әліпбиіне көшірумен байланыстырар едім. Өзіміздің бай тілімізбен әлемді латын әліпбиі арқылы тәңгі етер едік. Жалпы алғанда, қазақ тілі ғылым тілі ретінде дамуға қабілетті, әрі оған қажетті әлеует бар.

Қазақ тілінің заманауи қолданысқа сай мәртебесін көтеру мақсатында ғылым, экономика және технология салаларында толыққанды қызмет етуі үшін кешенді әрі жүйелі қадамдар қажет. Ол үшін Ғылыми терминологияны дамыту қажет. Сонымен қатар қазақ тіліндегі сапалы оқу құралдары мен ғылыми еңбектерді күшейту тиіс. Мектептен бастап жоғары оқу орын-

дарына дейін қазақ тілінде білім беру мазмұнын ғылыми негізде дамытуды қажет етеді. Мұның барлығы да ана тіліміздің қолданысын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев Ұлытауда өткен I Ұлттық Құрылтайда «Мемлекеттік тіл – тәуелсіздігіміздің символы!» деген іргелі тұғырнамалық саяси мәлімдеме жасады. «ҚАЗАҚ ТІЛІ – ғылым тілі болуы керек» – деген саяси міндет қойылды. Осы орайда ұйымдастырылған симпозиум ана тіліміздің ғылымдағы орнын негіздейтін жиын. Еліміздің белгілі ғалымдары тіліміздің ғылыми әлеуетін көтеру бойынша пікірлеседі. Қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамытудың өзекті мәселелері анықталады, жасанды интеллект жүйесін пайдалана отырып, қазақ тілінің терминологиясын дамыту жолындағы заманауи үдерістер сараланады, ғылым тілінің болашағына қатысты шешімдер мен тұжырымдамалар ұсынылады. Қазақ тілінің өміршеңдігі – оны ғылым тіліне айналдыруды ең биік мақсат етіп қоюда жатыр. Бұл түптеп келгенде ана тіліміздің қадірін арттырады деп сенемін.

Жазира ИСАҚЫЗЫ,
ф.ғ.к, қауым. профессор.

ҒЫЛЫМҒА ҚАНАТ ҚАҚҚАН ҚАРЛЫҒАШТАЙ

Наурыз айы кіргеннен, көктем лебі есіп айнала көріктене түседі. Айналаға әр беріп, тіршілік атаулыға нәр беретін Аналар мерекесі де осы уақыттың еңшісін де. Осы мерекенің символы, көктемнің көркі іспетті көңілімізді көтеретін қызғалдақтар, қырмызы гүлдер емес пе? Бүгінде әлемде гүл өсіру тиімді кәсіп түріне айналды. Бізде де өсіріледі. Бұл бағытта әлемнің 125 елін қызғалдақ баданаларымен қамтамасыз ететін Нидерланды көш бастап тұр. Қазақстанда мұндай жүйелі селекциялық-тұқым өсіру шаруашылық жұмысы жоқ. Барлық көшет материалдары шетелден әкелінеді. Осыған байланысты отандық сорттар мен отандық көшет материалдарын өндіру өзекті болып отыр.

Университетіміздің Ботаникалық бағына елімізден және жақын шет елден 59 туыс, 28 тұқымдас, 127 түрге жататын декоративті, жеміс-жидек, ағаш, бұталы және гүлді өсімдіктер интродукцияланып, өңірдің қатал климаттық жағдайына бейімделген коллекциясы бар. Құнды гендік қорды сақтау және көбейту үшін материалдық-техникалық база құрылған. Ағаш және бұта өсімдіктерін өсірудің заманауи технологияларын меңгерген мамандар бар.

Биология кафедрасының ғалымдары Ғылым комитеті ғылыми-зерттеу бағыттарына сәйкес коммерцияландыру бойынша «Қазақстанда қызғалдақтың эксклюзивті түрлері мен сорттарын көбейту мен өсірудің инновациялық технологиясын әзірлеу және енгізу, бастапқы материалдар топтамасын құру» гранттық жобасын ұтып алып, жүзеге асырды.

– Жобаның мақсаты: «Қызғалдақтың перспективті, жерсіндірілген түрлері мен сорттарын өндіріске енгізу, селекция үшін бастапқы материалдар коллекциясын жасау, оларды жедел көбейтудің тиімді әдістері, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы ашық және жабық топырақ жағдайында өсірудің бәсекеге қабілетті, ғылыми негізделген инновациялық технологиясын бейімдеу және жүзеге асыру арқылы Қазақстанның гүл өсіру саласын дамыту, дейді жоба жетекшісі, Биология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Нұрдана Салыбекова. Нұрдана кафедрадағы әріптестерімен бірге бұған дейін де бірнеше жобаларға қатысқан. Жоба



жетекшісінің айтуынша, қызғалдақ өсіруді жетілдіру үшін, көп ғылыми ізденіс керек.

«Қазіргі уақытта бүкіл әлем Қазақстан қызғалдақтың тарихи отаны екенін мойындады, бірақ оның көптеген табиғи популяциялары теріс антропогендік әсерге байланысты жойылып кету қаупі бар. Қызғалдақтардың табиғи жаңаруы өте ұзақ процесс, гүлді өсімдікті тұқымнан алу үшін 5-7 жылдан 12 жылға дейін уақыт қажет. Сондықтан қызғалдақтың қазақстандық сұрыптарын іріктеу үшін бастапқы материалдар топтамасын жасау қазіргі заманғы биология ғылымының өзекті міндеті. Осы мән-жайларды ескере отырып, біздің кафедра ғалымдары қызғалдақтың жабайы өсетін түрлері мен мәдени сұрыптарының топтамасын жасау бойынша зерттеулер жүргізуде» дейді Нұрдана Нұртайқызы.

Нұрдана Салыбекованың ғылым жолына қадам басуы 2014 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіне Биология мамандығы бойынша докторантураға оқуға түсіп, 2017 жылы 6D011300 - Биология саласы бойынша PhD докторлық дәрежесін алуынан басталды. «Ғылыми жетекшім мектеп, ЖОО биология оқулықтарының авторы, профессор Ж.Кужантаевамен бірге далалық-зертханалық жұмыстарды бірге зерттеуді бастадық. Осы зерттеулерді әлемдік деңгейде жүзеге асырып жатқан шетелдік кеңесшілерім ерлі-зайыпты Ақдениз университетінің (Түркия) профессорлары Е.Басим (E.Basim) мен Х.Басим (H.Basim) мені одан әрі заманауи зерттеулермен ұштастырды. 2017 жылдан бастап кафедрадағы әріптестер б.ғ.д., профессор А.Апушев, б.ғ.к, доцент Б.Юсуповпен бірге бірнеше ғылыми идеяларымызды жоба ретінде ұсындық. Аталған жобаларымыз сәтті жүзеге асып, жемісті

нәтижелеріне көпшілік куә болып отыр» дейді Нұрдана Нұртайқызы.

Жуырда Нұрдана Салыбекова «Болашақ» бағдарламасы гранты негізінде Northeastern University-ге қабылданды. Нұрдана өнді 1898 жылы негізі қаланған, АҚШ-тағы ең ірі университеттердің бірінде Биотехнология бағдарламасы бойынша магистратурада оқитын болады. Біз ғалымды жеткен жетістігімен құттықтай отырып, алдағы ой-жоспарын білгіміз келді.

«Болашақ» бағдарламасы еліміздегі үлкен мүмкіндіктердің бірі. Осы ретте «Биотехнология» бағыты бойынша магистратура бағдарламасымен Массачусетс штатындағы Northeastern университетін таңдадым. Бұл саланы қазіргі таңда елімізде дамыту қажет. Биология саласындағы көш бастап тұрған ғылым ретінде мені қатты қызықтырды. Осы салаға өз үлесімді қосып, әлемдік деңгейде білім алғым келді. Алда үлкен жауапкершілік күтіп тұр, сәтін салсын деп тілеймін, дейді доцент.


– Даму үшін әрбіріміз елімізден (университеттен) не аламын емес, не беремін деген қағидатты ұстану керек деген бар. Осы пікірмен қаншалықты келісесіз? - деген сауалымызға тұщымды жауап ала алдық.

– Иә, толық келісемін. Себебі, дамудың негізгі принципі де сол. Біз тек тұтынушы болмауымыз керек. Керісінше әркім өзіне «Мен не бере аламын?» деп сұрақ қойса, онда білім беру жүйесі де, қоғам да тезірек дамиды деп ойлаймын.

Сіз не бере алар едіңіз десеңіз, өсімдіктердің фитопатологиясына қатысты зерттеулерімізді дамытып, аграрлық сектордағы мәселелерді шешуге, жергілікті жерде кездесетін өсімдік ауруларын анықтап, олардың алдын алу және емдеу жолдарын ұсыну арқылы өңірдің аграрлық дамуына үлес қосамыз. Магистранттар мен докторанттарға бағыт-бағдар беру, олардың зерттеулерін жетілдіруге көмектесіп болашақ ғалымдар буынын қалыптастыру арқылы университетке ғана емес, тұтас елге пайдамды тигіземін деп сенімді айтуға болады. Бұл тәсіл болашақта, ғылымның өрлеуіне және жастардың сапалы білім алуына жол ашады, дейді Н.Салыбекова.

Ә.Бағманқызы.

ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА БА



Университет әлемдік рейтингтерде

Impact Rankings 2024

2024 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына (SDG) сәйкестігін бағалайтын Times Higher Education Impact Rankings халықаралық рейтингке әлемнің 1963 университеті кірді. Қазақстандағы 26 жоғары білім беру ұйымдары арасында оқу ордамыз 5 орынды иеленген болатын.

Бұл университеттің академиялық көшбасшылыққа ұмтылу жолындағы жетістіктерінің дәлелі.

QS World University Rankings By Subject 2025

Жуырда Ахмет Ясауи университеті жаһандық QS World University Rankings By Subject 2025 рейтингінде тағы да жоғары нәтиже көрсетті.

Биылғы рейтингті анықтау барысында 5200-ден астам мекеменің беделі мен зерттеу нәтижелері сарапталды. Нәтижесінде 1747 университет түрлі салалар бойынша айтулы рейтингке енді. Олардың қатарында біздің университетіміз де бар. Пәндік рейтингте оқу ордамыз: «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (Arts & Humanities) салалық рейтингінде 451-500 ара-

лығындағы позицияда;

«Заманауи тілдер» (Modern Languages) бойынша – 151-200 аралығындағы позицияда; «Білім және оқыту» (Education & Training) бойынша – 351-400 аралығындағы позицияда көрінді. Бұл университет бағдарламаларының тұрақтылығын және олардың өзектілігін көрсетеді. Жалпы алғанда, университет қазіргі заманғы тілдер мен білім беру саласындағы аймақтағы жетекші университеттердің бірі бола отырып, тұрақты нәтижелерді көрсетуді жалғастыруда.

Академиялық процестегі оң қадамдар

Қазіргі таңда университетте 9 сала бойынша бакалавриат, магистратура, докторантура және резидентура деңгейлерінде 169 білім беру бағдарламасы (БББ) жүзеге асырылуда. БББ жаңарту және сапасын арттыру тұрақты түрде жүргізіледі.

Барлық БББ мамандандырылған аккредиттеуге ие. Жыл сайын 40-80 білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өтеді немесе жаңартылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптарына сәйкес БББ ҚР Реестрінде тіркеліп, олардың тиімділігі тұрақты

түрде бағаланады.


Қос дипломды және біріккен білім беру бағдарламаларын дамыту мақсатында университет Түркия, Финляндия және басқа да елдердің жоғары оқу орындарымен серіктестікте жұмыс істейді. Финляндияның Хяме қолданбалы ғылымдар университетімен бірге педагогикалық білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша бірлескен жоба жүзеге асырылуда.

Оқытушылардың біліктілігін арттыру

«Педагогикалық білім моделін енгізу және оның мазмұнын нығайту» жобасы аясында жоғары білім бағдарламасын әзірлеу және силабус құрастыру дағдылары бойынша 187 ОПҚ 160 сағаттық кәсіби біліктілігін арттыру курсын аяқтады.

Университет базасында ашылған жаңа орталық – Coursera платформасын оқу процесіне де енгізіп, студенттеріміз үшін әлемнің мықты университеттерінің профессорларының дәрістерін қазақ тілінде тыңдап игеруге, үздіксіз жан жақты дамуларына мүмкіндік жасалуда. ОПҚ үшін BMG Upskill компаниясымен келісім-шарт жасалып, Coursera платформасындағы

ҒЫТ АЛҒАН ОҚУ ОРНЫ



дәрістерге 152 лицензия сатып алынды. Платформаға 250 ОПҚ тіркеліп, курсты 136 оқытушы сәтті аяқтады. Жалпы университет бойынша 340 сертификат алынды.

«Yasawi eco product»

Университет ғылымды нарыққа бағыттап, ғылыми нәтижелердің нақты өндірісте қолданылуына басымдық беріп келеді.

Өткен жылы «Инновациялық технологиялар негізінде биоресурстарды коммерциялық игеру арқылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ботаникалық бағының бағалы гендік қорын сақтау» жобасы аясында өндірістік цехы ашылды. Жалпы жоба аясында, ботаникалық бақтың 2023-2024 жылғы маусымдық кезеңінде: 70 тоннадан астам түрлі жемістер жиналды. Сол жиналған жемістер өндірістік цехта қайта өңделіп, нәтижесінде 2,5 тоннаға жуық кептірілген жемістер өндіріліп, нарыққа шығарылды. Жалпы жоба аясында 2023-2024 жылғы маусымдық кезеңіндегі сатылған жемістер мен кептірілген өнімдерден университет есебіне 24 млн теңгеден астам қаржы түсті. Сонымен қатар, университет өз өнімін «Yasawi eco product» брендін қалыптастыруда.

Ғылыми басылымдар

Қазіргі таңда университеттердегі ғылыми журналдар білім мен ғылымның дамуына елеулі үлес қосуда. Соңғы жылдары университетімізде ғылыми басылымдар санын арттырып, олардың сапасын жақсартуға ерекше көңіл бөлінуде.

Осы оқу жылында бірнеше жаңа басылымдарды жарыққа шығару мәселесі қолға алынды. Ғылыми жарияланымдардың көбеюі және оның Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің қатаң талаптарына жауап беруі – мұның бәрі де жалпы еліміздің ғылыми әлеуетінің өсіп жатқанын көрсетеді. Осы мақсатта жаңадан тарих, археология бағытында - «Turkic historical studies» (алғашқы саны 2024 жылғы шілде айында жарық көрді), Философия, дінтану бағытында - «Hikmet» журналдары ашылды (алғашқы саны 2024 жылғы қыркүйек айында жарық көрді).

Сонымен қатар Медицина және Экология бағытында жаңа журналдарды ашуға ұсыныс беріліп, оларды ресми түрде рәсімдеу жұмыстары аяқталып, алғашқы сандарын жарыққа шығару бойынша жұмы-

стар атқарылуда. Нақтырақ айтсақ, Медицина бағытында «Yasawi Journal of Health Sciences» және Экология бағытында «International Journal of Environmental Science and Green Technology» журналдары. Ғылыми басылымдарымыздың алдағы уақытта Комитет талаптары тұрғысынан табылып, жоғары деңгейден көрінуге күш салып, жұмыстар жасалуда.

2024 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынатын ғылыми басылымдардың тізбесіне енгізу үшін журналдарға қойылған талаптар жаңартылды. Аталмыш талаптар негізінде еліміздегі барлық ғылыми журналдарға мониторинг жүргізіліп, сараптама жасалды. Нәтижесінде (12.07.2024 ж. № 603 бұйрық) университетімізде 1996 жылдың желтоқсанынан бері қарай үздіксіз шығып келе жатқан «Ясауи университетінің хабаршысы» журналы үздіктер қатарынан көрініп, Педагогика, Филология бағыттары Комитет ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесінің 2-тізіміне енді.

«Ясауи университеті».

Мемлекетіміздің саясатында ғылым мен технология, инновациялық даму ел экономикасын өркендетудегі басым бағыттардың бірі ретінде айқындалып отыр. Президент Қ.Тоқаев ғылым саласына басымдық беріп, ел көлемінде ғылымының өрістеуіне көңіл бөлуде. Осы ретте оқу ордамыздағы ғылыми жұмыстарының барысы туралы университеттің Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Ошыбаева Айнаш Есімбекқызымен сұхбаттасқан едік.

УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ



– Айнаш Есімбекқызы, университеттің стратегиялық бағытына қарай оқытушылардың ғылыми-инновациялық әлеуетін арттыру, жалпы ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру қалай жүріп жатыр?

– Университетіміздің 2029 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары бар. Осы құжаттағы Ғылыми-инновациялық әлеуетті арттыру бойынша негізгі даму бағыттары мен мақсаттары айқын көрсетілген 3-ші Стратегиялық бағыт біздің темірқазығымыз іспетті. Бұл бағытта көрсетілген 3 мақсат аясында 2029 жылға дейін жоспарланған индикативті көрсеткіштер бойынша жұмыстар атқарылады. Атап айтар болсақ, оның біріншісі: Зерттеу экожүйесін дамыту. Мұнда 3 мақсатты индикатор бар:

1) Гранттық қаржыландыру, бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру бойынша ФЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын жас ОПҚ үлесін (40 жасқа дейін) - 25% -дан асыру;

2) Ғылыми жобалардың жалпы санынан жүзеге асырылып жатқан халықаралық ғылыми жобалардың санын 3-ке жеткізу;

3) Университеттің жалпы табысынан ФЗЖ табыстарының көлемін 18%-ға асыру. Сонымен қатар, бұл стратегиялық құжатта айқындалған міндеттер қатарында: Ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру; білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттыру; университеттің ғылыми басылымдарын дамыту индикаторлары бойынша жұмыстар белгіленген. Ал, 3-ші стратегиялық бағыттың екінші мақсаты: Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру. Бұл мақсат аясында 2 мақсатты индикатор бар: 1) Бюджеттен қаржыландырылатын іске асырылатын ғылыми жобалардың санын 40-қа жеткізу. 2) Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингілі басылымдарындағы мақалалар мен ғалымдардың шолуларының санын 120-дан асыру. Сонымен қатар, бұл мақсатта келесі міндеттер аясында индикативті көрсеткіштер жоспарланған. Олар келесідей: Соңғы өнімі бар ғылыми зерттеулердің әлеуетін арттыру

(практикалық қолдану / коммерцияландыру); ғалымдардың белсенділігі мен жарияланымдарының сапасын және олардың инновациялық белсенділігін арттыру.

Ең соңғы үшінші мақсатта Ғылыми-зерттеу институттарын дамыту көзделген. Бұл мақсат аясында ФЗИ-да қолданбалы ғылымды жетілдіру оның ішінде 1) Жобалар саны: (ғылыми, әлеуметтік, халықаралық, елдік және т.б.). (әр ФЗИ үшін) – 1 жоба болу қажет.

Ғалымдардың ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыру мақсатында дәстүрлі түрде Қысқы мектептер ұйымдастырылады. Мысалы, 2025 жылғы 13-17 қаңтарда «Ахмет Ясауи университеті қысқы мектебі» аясында оқытушы профессор құрамы мен ғылыми қызметкерлердің ғылыми-зерттеу құзыреттерін арттыру және жетілдіру бойынша ғылым апталығы өткізілді. Қысқы мектеп аясында республика бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша ең білікті спикерлер шақырылып, олар университеттің оқытушы-профессорлық құрамына, институттың ғылыми қызметкерлеріне дәріс оқыды.

Қысқы мектеп бағдарламасы аясында ғылыми зерттеулерді жоспарлау және деректерді талдау мәселелеріне арналған дәрістер циклі ұсынылды. Биостатистикалық талдау әдістері мен зерттеушілерге деректерді тиімді жинауға, өңдеуге және түсіндіруге көмектесетін құралдар туралы айтылды. Дәріс барысында алынған білімді нақты ғылыми жобалар контекстінде қолдану жолдарына ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, Назарбаев Университеті Медицина факультетінің доценті Абдужаппар Гаипов «Зерттеу методологиясы» тақырыбында дәріс-тер мен практикалық талқылаулар жүргізді.

«Оңтүстік Қазақстан өңірінің тұрақты дамуы үшін инновациялық технологияларды дамыту және заманауи инфрақұрылымды құру» бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру жобасы бойынша ғылыми семинар өтті.

Жиынға қатысушылар ғылыми зерттеу жүргізу әдістері, клиника-

лық тәжірибеге негізделген ғылыми гипотезаларды қалыптастыру, ғылыми идеяларды генерациялау және медициналық мақалалар жазу бойынша ақпарат алды. Семинарда ғалымдарымыз өздерінің ғылыми жобалары бойынша сұрақтар қойып, тәжірибелі ғалымнан кеңес алды.

– Жас ғалымдардың ғылыми жобаларға қатысу көрсеткіші және гранттық қаржыландыру туралы айтып берсеңіз.

– Университет ғалымдарының зерттеу әлеуеті өте жоғары деңгейде деп айтуға болады. 2024 жылы Университет ғалымдарының басшылығымен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қолдауымен 36 ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылып, оның ішінде жас ғалымдар конкурсы бойынша жүргізіліп отырған 8 жоба бар. Ол жобаларды жылдық қаржыландыру көлемі 1 млрд., 279 млн. теңгені құрады. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда жобалар саны мен қаржылай үлесінің жоғарылағандығын байқауға болады.

2024 жылы жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу жобалары және жалпы ғылымды қаржыландыру көрсеткіштеріне тоқталар болсақ, 36 ҚР ҒҖЖБМ Гранттық жобаларын қаржыландыру сомасы 1 279 166 400 теңге, 1 Коммерцияландыру жобасы 61 959 000 теңге, шаруашылық келісімшарттық жобалар саны 5, қаржыландыру көрсеткіші 64 530 176 теңге, 1 халықаралық жобасы (Евразия ФЗИ-да) 2,5 млн. теңге, университеттен 8 ФЗИ/ФЗО-ға жұмсалған қаражат 491 819 311 теңге және 80 жарияланымды ынталандыру үшін 17 931 361 теңге жұмсалды. 2024 жылы университетте ғылымды жалпы қаржыландыру сомасы 1 млрд. 917 млн. теңгеге жетті. Бұл көрсеткіш университеттің жалпы бюджеті 10,888,8 млрд. теңге болатын болса, оның 17,61%-ын құрады.

– Халықаралық базадағы жоғары рейтингілі басылымдарға мақала жариялау және патент авторлығы бойынша ілегерілеу бар ма?

– Ілгерілеу байқалады. Ха-

лықаралық базадағы рейтингілі басылымдардағы мақалалар 4 дәрежеде қаралады. Q1; Q2; Q3; Q4. Рейтингілі журналдарда жарияланған мақалалар жыл сайын өсім болып жатқандығы қуантады. Сөзімізге дәлел ретінде 2024 жылы жарияланған мақалалар санын 2023 жылдың көрсеткішімен салыстыра ұсынуды жөн көрдім.

Яғни: Q1 квартилінде 2023 жылы 55 мақала болса, 2024 жылы – 101 мақала; Q2 квартилінде 2023 жылы 34 мақала болса 2024 жылы – 52 мақала; Q3 квартилінде 2023 жылы 46 мақала болса 2024 жылы



– 49 мақала; Q4 квартилінде 2023 жылы 22 мақала болса 2024 жылы –19 мақала жарияланған.

SciVal платформасынан алынған мәліметтерге сәйкес, университеттің аффилиациясымен жалпы 2023 жылы 157 мақала жарық көрсе, 2024 жылы 221 мақала жарыққа шықты.

– Мемлекет басшысының қолдауымен жүзеге асатын Академиялық үстемдік орталығын құру және соның аясында жүзеге асып жатқан мега грант туралы таратып айтсаңыз? Аталған грант аясында қанша лабораториялар ашылады, олардың қаншасы бүгінгі күнде жұмысын бастады?

– Ғылыми зертханаларды құру/жабдықтау/жаңарту арқылы ғылыми базаны жаңғырту – стратегиялық дамудың негізгі бағыттарының бірі. Сол себепті зертханаларды дамыту бойынша жұмыстар басты назарда, бұл бойынша атқарылған жұмыстар да аз емес. 2024 жылға дейін университетте Экология F3I базасындағы «Экологиялық бақылау және химиялық талдау» зертханасы, Жаратылыстану ғылымдар факультетінде «Өсімдіктер биотехнологиясы» зертханалары бар еді.

2024 жылы жоба аясында сатып алынған құрал-жабдықтарға жұмсалған қаражат көлемі 230 811 404 теңгені құрады. Соның нәтижесінде

бірқатар зертханалар ашылды. Олар:

- «Нанотехнологиялар және энергетикаға арналған жаңа материалдар» ғылыми зертханасы;
- «STEM және креативтілік» оқу-зертханасы;
- Күн электр станциясы.

Сонымен қатар, университетімізде 2024 жылдан бері Академиялық үстемдік орталығын құру мега жобасы жүзеге асырылды. Бұл жобаның аясында медицина, биотехнология және экология бағыттары бойынша жалпы 13 зертхананың құрылуы жоспарланған. Оның бір бөлігіне

жобалармен жұмыс істеуге мүмкіндік жасалды.

Бағдарлама барысында 400-ден астам студент пен университет қызметкері тіркеліп, кәсіпкерлік бағытында тереңдетілген білім алды. Олардың ішінде 63 білім алушы және 5 қызметкер толық курсты аяқтап, сертификат алды. Мұнда студенттік стартап жобаларын коммерцияландыруға ерекше мән берілді. Нәтижесінде, 30 жоба әзірленіп, оның 5-і өндіріске енгізілді. Бұл университет қабырғасында инновациялық ортаны дамытуға және нақты нарықтық шешімдер ұсынуға айтарлықтай үлес қосты.

Студенттердің стартаптарын дамытуға қолдау көрсету мақсатында Түркістан облысының Цифрландыру және қоғамдық даму басқармасы, Түркістан облысының «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасы, Түркістан IT Hub және жоғары оқу орындарымен меморандумдар жасалды. Осы серіктестіктермен жұмыс нәтижесінде студенттер тәжірибелі кәсіпкерлер, инвесторлар және сала мамандарымен кездесіп, стартап құру, бизнес-жоспар әзірлеу және өз жобаларына қаржы тарту бойынша тәжірибе алды.

Студенттерді кәсіпкерлік ортаға тарту мақсатында семинарлар, тренингтер, форумдар, Hackathon, Workshop, Open Day, Demo Day, Meetup және инвесторлармен кездесулер сияқты 30-дан астам іс-шара ұйымдастырылды. Осындай ауқымды шаралардың нәтижесінде студенттер өздерінің кәсіпкерлік қабілеттерін шыңдап, стартаптарын нарыққа шығару мүмкіндік алды.

Университетте 2024 жылдың желтоқсан айы алғаш рет студенттік жобаларды қолдау мақсатында «Инновациялық стартап жобалар» байқауы өтті. Бұл байқауға 12 жоба қатысып, оның ішінде 9 жоба инкубациялық бағдарлама аясында әзірленсе, 3 жоба белсенді студенттер тарапынан ұсынылды. Қатысушылар өз стартаптарын қорғап, инвесторлар мен сарапшылардан кері байланыс алды, ал үздік жобалар ақшалай сыйлықтармен марапатталды. YASAWI STARTUP инкубациялық бағдарламасы студенттер мен жас қызметкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, олардың инновациялық идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тиімді алаңға айналды. Университетіміз бұл бастаманы одан әрі дамытып, студенттік ғылым мен стартап экожүйесін жетілдіруді жалғастыратын болады.

– Мазмұнды сұхбатыңыз үшін көп рахмет. Жұмыстарыңызға табыс тілеймін.

**Сұхбаттасқан
Әтіргүл ТӘШІМ.**

құрал жабдықтар сатып алынып, бүгінгі таңда бірқатар зертханалардың негізі қаланды. Атап айтар болсақ: 1. Микробиологиялық диагностика зертханасы; 2. Жасуша биологиясы зертханасы; 3. Патоморфология зерттеу зертханасы; 4. Молекулярлық диагностика зертханасы; 5. Клиникалық диагностикалық зертхана.

Осылардың арасында 2025 жылы: 1. Иммунологиялық зерттеулер зертханасы; 2. Прогрессивті аспаптық диагностика орталығы; 3. Клиникалық медицинадағы BigData ғылыми зертханасы; 4. Өсімдіктер физиологиясы, фитопатологиясы және биотехнологиясы зертханасы; 5. Жасанды интеллект және IoT технологияларын қолданытын зерттеулерге арналған зертхана іске қосылады.

– Студенттік ғылым және YASAWI STARTUP аясында атқарылған жұмыстар барысы туралы айтып өтсеңіз.

– Университетіміз студенттердің кәсіпкерлік әлеуетін арттыру, инновациялық жобаларды қолдау және стартап мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Осы мақсатта коммерцияландыру офисі тарапынан YASAWI STARTUP инкубациялық бағдарламасы іске қосылып, студенттерге өз идеяларын дамыту, тәжірибелік білім алу және кәсіпкерлік дағдыларын дамытып нақты

Ұлттық киім – ұлт болмысының айнасы

Ұлттық киім – әр халықтың мәдени мұрасы мен өзіндік болмысын айшықтайтын құндылықтардың бірі. Ол – ата-бабамыздың өмір сүру салтын, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын бейнелейтін ерекше өнер туындысы. Осы орайда, Қазақстанда ұлттық мәдениетті дәріптеу мақсатында жыл сайын Ұлттық киім күні атап өтіледі.

Ұлттық киім күнін тойлау – жастар арасында ұлттық мұраны жаңғыртып, дәстүрге деген құрметті арттыруға бағытталған.

Ахмет Ясауи университеті Наурызнаманың 10 күндігі жобасы аясында 18 наурыз - Ұлттық киім күнін ерекше сән-салтанатпен атап өтті. Оған университеттің студенттері, оқытушылары мен қызметкерлері белсене қатысып, қазақ халқының дәстүрлі киімдерін киіп, ұлттық мәдениетімізді көрсетті. Иә, халқымыздың ұлттық киімдері ғасырлар бойы қалыптасып, заман ағымына сай жаңғырып келеді. Бұл іс-шара жастарға ұлттық киімнің маңыздылығын түсіндіріп, мәдени мұраны сақтауға деген қызығушылықтарын арттыруға арналды.

Университет аумағында дәстүрлі, ұлттық киімдер киген салтанаты жарасқан жастар шоғыры көрінді. Олар қазақтың шапаны мен камзолын, сәукеле мен тақиясын киіп, ұлттық болмысымызды айшықтай түсті. Аруларымыз, шекелік, шашбау секілді әшекей бұйымдарымен келді. Университеттің Медиа орталығы әлеуметтік желідегі «Ясауи фэйс» рубрикасында ұлттық киімді насихаттаған ерекше образымен көзге түскен студенттер мен оқытушылар және басшылық құрамға арнады.

Осындай шаралар қазақ халқының киім мәдениетін сақтап, оны жаңа заманға сай



бейімдеуге, әрі келер ұрпаққа аманаттауға зор ықпал етеді. Ахмет Ясауи университеті бұл мерекені жыл сайынғы дәстүрге айналдырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуді жалғастыра бермек.

– Біз – тамыры терең, тарихы бай ұлтпыз. Ұлттық киім – ата-бабамыздан қалған асыл мұра, халқымыздың салт-дәстүрі мен рухани болмысының айнасы. Әр оюы мен өрнегінде ұлы дала тарихының ізі, әрбір тігісінде халықтың шежіресі сақталған. Бүгінгі шара – ұлттық мәдениетімізге деген құрметтің, өткенге тағзым мен болашаққа аманаттың жарқын көрінісі. Ұлттық киім – тек сән үлгісі емес, ол – ұлттың рухани коды, болмысының бір бөлшегі. Сондықтан оны тек мерекеде ғана емес, күнделікті өмірде де ұлықтап, ұрпақтан-ұрпаққа дәріптеу – біздің қасиетті борышымыз. Дәл қазіргі менің осы ұлттық киіміме біршама жастар қызығушылықпен келіп, суретке түсіп жатқанын көріп, бойымды мақтаныш сезімі кер-

неді, – дейді профессор Гүлсара Тоққұлова.

Студенттер де бұл іс-шараның маңыздылығына тоқталып, өз ойларымен бөлісті.

– Бүгінгі күн мен үшін ерекше әсер қалдырды. Себебі, біз тек киім киіп қана қоймай, оның мән-мағынасын, тарихын зерттеуге мүмкіндік алдық. Ұлттық киімді – тек музей жәдігері ретінде емес, өміріміздің ажырамас бөлігі ретінде көруіміз керек, – деді Журналистика мамандығының 3-курс студенті Бақытжан Аружан.

Осындай бастамалар арқылы студенттер ұлттық мәдениетті бағалап қана қоймай, оны өз өмірлерінде қолданысқа енгізуге ынталанады. Іс-шарадан кейін барлық құрам бірге естелікке суретке түсті. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта мұндай мәдени жиындардың тұрақты түрде өткізіліп тұратынын айтты.

Қарақат САПАРӘЛІ,
3 курс студенті.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
Журналистика кафедрасының
студенттері

Көркемдеуші редактор:
Асқат СӘДІБЕКОВ

Фото маман:
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 компьютерлік беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. **Байланыс телефоны:** 8/72533/6-38-13, ішкі (1020) **Эл.пошта:** a.yassau@mail.ru